- Осы өнімнің бөлігі ашық бағдарламалық жасақтаманы пайдаланады.
- Ашық бағдарламалық жасақтама туралы толық ақпарат алу үшін келесі веб-торапқа өтіңіз:
<http://panasonic.net/pcc/support/pbx/>

Ескерту:

- Осы нұсқаулықта әрбір үлгі нөмірінің индексі қажет болмағанда берілмеген.
- Суреттер өнімнің өзінде көрсетілетіндерден өзгешеленуі мүмкін.

Сауда белгілері

- Plantronics - Plantronics, Inc. компаниясының сауда белгісі немесе тіркелген сауда белгісі.
- Осында келтірілген басқа сауда белгілері тиісті иелерінің меншігі болып табылады.

Өз қауіпсіздігіңіз үшін

Жарақат алу, өмірден айырылу, электрлік есеңгіреу, өрт тудыру және жабдықтың немесе меншіктің зақымдалуын болдырмау үшін төмендегі сақтық шараларын сақтаңыз.



Ауыр жарақат алуға немесе өлімге әкелетін қауіпті білдіреді.

Жалпы қауіпсіздік



- Бұл құрылғыны бөлшектемеңіз. Қауіпті электр тогына себеп болуы мүмкін. Құрылғыны тек білікті қызмет көрсететін маман бөлшектеуі немесе жөндеуі тиіс.
- Құрылғының тесіктеріне немесе басқа саңылауларына сымдар, түйреуіштер, т.б. заттарды салмаңыз.
- Өрт шығуына немесе электрлік есеңгіреуге жол бермеу үшін осы өнімді жаңбыр астында немесе ылғал жерде қалдырмаңыз.
- Айнымалы ток адаптеріне немесе қуат сымына су шашпаңыз не дымқыл қолмен ұстамаңыз. Солай жасау өрттің шығуына, электр тогының соғуына немесе жарақат алуға себеп болуы мүмкін. Егер олар дымқыл болса, айнымалы ток адаптері мен қуат сымын дереу ажыратыңыз да, өкілетті қызмет орталығына хабарласыңыз.
- Айнымалы ток адаптерін ұзақ уақыт бойы ұстамаңыз. Солай жасау аз деңгейлі күйікке себеп болады.



- Егер зақым құрылғының ішкі бөлшектеріне тисе, қуат кабелін немесе сымын дереу ажыратыңыз. Егер қуат желіден IP-PT [Ethernet бойынша қуат] берілсе, Ethernet кабелін ажыратыңыз. Басқаша, айнымалы ток адаптерінің сымын ажыратыңыз. Одан кейін, құрылғыны қызмет орталығына апарыңыз.



- Келесі жағдайлар орын алғанда құрылғыны айнымалы ток розеткасынан айырып, өнімді маман қызметіне көрсетіңіз:
 - A. Қуат сымы немесе көзі бүлінсе, тозса.
 - B. Егер құрылғыға төгіліп кетсе.
 - C. Егер құрылғы жауын астында қалса немесе суланса.
 - D. Егер құрылғы нұсқаулық бойынша да қалыпты жұмыс істемесе. Тек нұсқаулықта қамтылған басқару элементтерін реттеңіз. Дұрыс реттемеу өкілетті қызмет орталығына жөндетуге себеп болуы мүмкін.
 - E. Егер құрылғы құласа немесе зақымдалса.
 - F. Егер құрылғының өнімділігі төмендесе.
- Бұл телефон тұтқасында магнит бар, сондықтан кішігірім темір заттарды өзіне тартуы мүмкін.
- Құлақалқандар немесе құлаққаптар арқылы келетін дыбыстың деңгейі аса жоғары болса, есту қабілеті жоғалуы мүмкін.
- Егер зарядтағыштан түтін, әдеттен тыс иіс немесе шуыл шықса, оны розеткадан/Ethernet кабельдерінен ажыратыңыз. Бұл жағдайлар өрт шығуына немесе электрлік есеңгіреуге әкелуі мүмкін. Түтіннің тоқтағанын тексеріп, өкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Орнату



- Айнымалы ток розеткасынан немесе қуат жабдығындағы шамадан асатын қуат қосылымдарын пайдаланбаңыз. Егер ток күшеюінен қорғайтын құрылғының номиналды қуаттылығы асса, өрттің шығуына себеп болуы мүмкін.
- Айнымалы ток адаптерінің сымын байламаңыз. Зақымдалған сым өрттің шығуына, электр тогының соғуына немесе қысқа тұйықтауға себеп болуы мүмкін.



- Құрылғы тек құрылғының белгісінде көрсетілген қуат көзі түріне ғана қосылуы тиіс.
- Айнымалы ток адаптерін айнымалы ток розеткасына толығымен тығыңыз. Солай жасамау электр тогының соғуына немесе өртке себеп болатын шамадан тыс ысуға себеп болуы мүмкін.

Орналастыру



- Құрылғыға заттар құламайтындай және сұйықтықтар шашырамайтындай сақ болу керек. Осы құрылғыға шамадан тыс түтін, шаң, ылғал, механикалық діріл, соққы немесе тікелей күн сәулесіне тигізбеңіз.
- Осы құрылғының үстіне ауыр заттар қоймаңыз.

Өз қауіпсіздігіңіз үшін



- Осы құрылғыны тегіс бетке қойыңыз.
- Тиісті желдетуді қамтамасыз ету үшін құрылғы айналасында 10 см (см) бос аралықты қалдырыңыз.

Қабырғаға орнату



- Құрылғы бекітілетін қабырғаның құрылғыны тіреу үшін күші жеткілікті екендігіне көз жеткізіңіз (шамамен 2,0 кг (kg)).
- Құрылғымен бірге тек қосымша қабырғаға орнату жинағын пайдаланыңыз. Қабырғаға орнату жинағы қажетті бұрандаларды, шайбаларды және қабырғаға орнату адаптерін қамтиды.
- Бұрандаларды қабырғаға енгізген кезде, қабырғадағы ешқандай металл тақтайшаларға, сым тақтайшаларына не металл тақталарға тимеңіз.
- Осы құрылғыны одан ары пайдаланбайтын болсаңыз, оны қабырғадан бөлшектеніңіз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Жеңіл жарақат немесе құрылғының не басқа жабдықтың зақымдалуына әкелетін қауіпті білдіреді.



- Құрылғыны флуоресцентті лампалар, моторлар мен теледидар сияқты электр шуды шығаратын жылыту жабдықтары мен құрылғыларынан ары ұстаңыз. Шу көздері құрылғының жұмысына кедергі келтіруі мүмкін. Сондай-ақ оны температурасы 0 °C төмен немесе 40 °C жоғары болатын бөлмелерге қоюға болмайды.



- Құрылғыны жұмсақ матамен сүртіңіз. Құрылғыны тегістегіш ұнтақ немесе бензин не еріткіш сияқты химиялық заттармен тазаламаңыз.
- Телефон тұтқасы мен тегіс кабель қақпағы шок алу қаупін төндірді. Телефон тұтқасының ілгегі мен тегіс кабель қақпағын балалардан аулақ ұстаңыз.
- Қосқыштардың зақымдалуына жол бермеу үшін пайдалану барысында құлаққаптың бос аралығы бар екендігіне және тығыз тартылмағанына көз жеткізіңіз.
- Құрылғыларды EHS тесігіне не құлаққап тесігіне жалғау үшін пайдаланылған сымдардың ұзындығы 3 м (m) кем болуы қажет.
- Ұзақ уақытта пайдаланбай қалдырылған кезде құрылғыны АТ розеткасынан ажыратыңыз. Құрылғы қуатты PoE қуат көзінен қабылдаған кезде, Ethernet кабельдерін ажыратыңыз.
- Panasonic айнымалы ток адаптерін пайдаланыңыз.
- Айнымалы ток адаптері негізгі ажырату құралы ретінде қолданылады. Айнымалы ток розеткасы құрылғының жанында орнатылғанына және оған қол жеткізуге болатынына көз жеткізіңіз.
- Құрылғы қабырғаға орнатылған кезде, кабельдердің қабырғаға берік бекітілгеніне көз жеткізіңіз.

Ескерту:

- Егер құрылғы дұрыс жұмыс істемесе, АТ адаптер сымы мен Ethernet кабельдерін ажыратыңыз да, содан кейін қайтадан жалғаңыз.
- Егер қоңырау шалудағы мәселелер туындаса, Ethernet кабелін ажыратыңыз және белгілі жұмыс істейтін IP-РТ құрылғысын жалғаңыз. Егер белгілі жұмыс істейтін IP-РТ дұрыс қызмет етсе, бүлінген IP-РТ құрылғысын өкілетті Panasonic зауыттық қызмет көрсету орталығына жөндетіңіз. Егер белгілі жұмыс істейтін IP-РТ дұрыс қызмет етпесе, PBX және Ethernet кабелін тексеріңіз.
- Егер қуат іркілісі орын алса, IP-РТ дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. Апаттық жағдайда қашықтағы жерлерде пайдалануға қол жетімді, жергілікті қуатқа тәуелсіз, бөлек телефонның бар екендігіне көз жеткізіңіз.
- IP мекенжайлары сияқты IP-РТ желісін орнату туралы ақпаратты АТС орнату нұсқаулығынан қараңыз.
- Дисплейде қате туралы хабарлама көрсетілсе, дилермен немесе желі әкімшісімен кеңесіңіз.
- Тек тиісті Panasonic телефон тұтқасын пайдаланыңыз.

Маңызды қауіпсіздік нұсқаулары

Осы құрылғыны қолданғанда өрт, электр есеңгіреу және адамды жарақаттау мүмкіндігін азайту үшін негізгі қауіпсіздік нұсқаулары орындалуы тиіс, соның ішінде:

- Бұл құрылғыны судың жанында, мысалы, ванна, жуынатын шұңғыл, ас үй шұңғылы немесе кір жуатын шұңғыл, дымқыл жертөле немесе хауыздың жанында қолдануға болмайды.
- Телефонды (сымды түрлерінен басқа) найзағай кезінде қолданбаңыз. Жарықтан электр тогының соғу қаупі орын алуы мүмкін.
- Телефонды газ аққан орынның жанында газ аққаны туралы хабарлау үшін пайдаланбаңыз.

БҰЛ НҰСҚАУЛАРДЫ САҚТАҢЫЗ


Қосымша ақпарат

Өндіру елі	Вьетнам
Өндірушінің аты	Панасоник Систем Нетворкс Ко., Лтд.
Өндірушінің мекенжайы	1-62, 4-чөме, Миношима, Хаката-ку, Фукуока 812-8531, Жапония
Пайдалану уақыты	7 жыл
Тұтынушыларды қолдау	Уәкілетті ұйым: ООО «Панасоник Рус» Филиалы, Қазақстан, 050050, Алматы қ., Сейфуллин көш., 284. Тел.: +7 (727) 298 09 09 Қазақстан бойынша ақысыз қоңырау шалу үшін: 8-8000-809-809

Жазба:

- Өнімде немесе картон қорапта орналасқан сериялық нөмірден өндіру күнін анықтауға болады.

Сериялық нөмір: 3 F A XX (XXXXXX)



- Өнімді жергілікті ережелерге сай тастаңыз.

Бөлшектер туралы ақпарат

Қосылған бөлшектер

Телефон тұтқасы (1)	Телефон тұтқасының сымы (1)	Айнымалы ток адаптері (1)*1	Қабырғаға бекітілетін бұрандалар (2)*2
			
Тақтайша (1)			
KX-NT511 	KX-NT551 	KX-NT553/KX-NT556 	

- *1 KX-NT511ARU және KX-NT511PRU бірдей айнымалы ток адаптерін пайдаланады.
 – Айнымалы ток адаптері тек KX-NT511ARU үлгісінде қамтылған.
 – Ол KX-NT511PRU үлгісінде қамтылмаған. Қажет болса, келесі айнымалы ток адаптерін сатып алыңыз. Қосымша ақпарат алу үшін, дилермен ақылдасыңыз.
 – Бөлшек нөмірі: PNLV226CE




- *2 KX-NT511ARU/KX-NT511PRU ғана

Қосымша керек-жарақтар

	KX-NT511	KX-NT551	KX-NT553/ KX-NT556
Айнымалы ток адаптері*1	—	KX-A239BX (PQLV206CE)	
Қабырғаға орнату жинағы	—	KX-A432X	KX-A433X
48 түймелі қондырма модулі	—	—	KX-NT505X*2

*1 Қосымша АТ адаптеріне тапсырыс беру үшін "KX-A239BX" модель нөмірі ("PQLV206CE" емес) арқылы тапсырыс беріңіз. KX-NT505X үлгісімен де пайдалануға болады.


*2 KX-NT505X үлгісінің келесі керек-жарақтары бар.

Тақтайша (1)	Қабырғаға орнату адаптері (1)	Қабырғаға бекітілетін бұрандалар (3)*1	Тақтайшаға арналған бұрандалар (2)
			


*1 KX-NT505X қабырғаға бекіту үшін екі бұранда.
Қабырғаға орнату адаптерін құрылғыға бекіту үшін бір бұранда.

Басқару элементтерінің орындары


KX-NT511



KX-NT551



KX-NT553
KX-NT556



- 1 Негізгі СКД (Сұйық кристалды дисплей):**
KX-NT511/KX-NT551: 1 желі, KX-NT553: 3 желі,
KX-NT556: 6 желі
- 2 Хабарлама/Қоңырау шамы*¹:**
Ішкі қоңырау қабылдаған кезде, шам жасыл түспен жыпықтайды, ал сыртқы қоңырау қабылдаған кезде шам қызыл түспен жыпықтайды. Хабарлама қалдырылған кезде, шам қызыл түспен жанып тұрады.
- 3 Икемді ОТС түймешіктері:** Сыртқы желіні ұстап қалу немесе пернеге тағайындалған мүмкіндікті орындау үшін пайдаланылады.
- 4 Телефон тұтқасының ілгегі:** Құрылғы қабырғаға орнатылған кезде телефон тұтқасының тұрақты ілінгенін қамтамасыз етеді.
- 5 Құлаққап тесігі*²**

- 6 **PAUSE/PROGRAM** (KX-NT551 ғана): Телефон нөмірін сақтаған кезде кідіріс енгізу үшін пайдаланылады. Бұл түймешік сондай-ақ осы құрылғыны бағдарламалау үшін пайдаланылады.
PAUSE (KX-NT553/KX-NT556 ғана): Телефон нөмірін сақтаған кезде кідіріс енгізу үшін пайдаланылады.
- 7 **CONF/STORE** (KX-NT511 ғана): Конференциялық сөйлесуді орнату үшін пайдаланылады.
CONF (KX-NT551/KX-NT553/KX-NT556 ғана): Конференциялық сөйлесуді орнату үшін пайдаланылады.
- 8 **MESSAGE*2**: Көрсетуді күтетін хабарламаны қалдыру немесе көрсетуді күтетін хабарламаны қалдырған тарапқа жауап қоңырау шалу үшін пайдаланылады.
- 9 **FLASH/RECALL**: Ағымдағы қоңырауды ажырату және тұтқаны қоймай басқа қоңырау шалу үшін пайдаланылады.
- 10 **REDIAL**: Соңғы рет терілген нөмірді қайта теру үшін пайдаланылады.
- 11 **AUTO ANS/MUTE**: Кіріс қоңырауды автоматты режимде қабылдау немесе сөйлесу барысында микрофон/телефон дыбысын өшіру үшін пайдаланылады.
- 12 **TRANSFER**: Қоңырауды басқа тарапқа тасымалдау үшін пайдаланылады.
- 13 **AUTO DIAL/STORE*2**: Жүйелік/жеке нөмірді жылдам теру немесе бағдарлама өзгерістерін сақтау үшін пайдаланылады.
- 14 **HOLD**: Қоңырауды ұстап тұру үшін қолданылады.
- 15 **INTERCOM**: Ішкі қоңырауларды шалу не қабылдау үшін пайдаланылады.
- 16 **SP-PHONE (Спикерфон)**: Зорайтқыш әрекеттерін орындау үшін пайдаланылады.
- 17 **Микрофон**: Қолсыз сөйлесу үшін қолданылады.

Басқару элементтерінің орындары

- 18 **VOLUME** (KX-NT511 ғана): Дыбыс деңгейін немесе дисплей кереғарлығын баптау үшін пайдаланылады.
Шарлау пернесі (KX-NT551/KX-NT553/KX-NT556 ғана): Дыбыс деңгейі мен дисплей кереғарлығын баптау немесе қалаған элементтерді таңдау үшін пайдаланылады.
- 19 **ENTER***3: Таңдалған элементті тағайындау үшін пайдаланылады.
- 20 **Soft Buttons (S1-S4)***3: S1-S4 (сол жақтан оңжаққа қарай орналасады) дисплейдің төменгі жолағында көрсетілген элементті таңдау үшін пайдаланылады.
- 21 **EHS (Электронды тұтқа ауыстырып-қосқышы) ұясы***3
- 22 **FWD/DND***3: Кеңейтіміңізде "Қоңырауды бағыттау" не "Мазаламау" режимін қосу үшін пайдаланылады.
- 23 **CANCEL***3: Таңдалған элементті болдырмау үшін пайдаланылады.
- 24 **NEXT PAGE***3: Бетте Өздігінен белгілеу мүмкіндігін қосу үшін пайдаланылады.
- 25 **Қосымша СКД***3: 12 желі

*1 KX-NT511 үшін ішкі қоңырау қабылдаған кезде шам қызыл түспен жыпылықтайды.

*2 KX-NT551/KX-NT553/KX-NT556 ғана

*3 KX-NT553/KX-NT556 ғана

Телефонды қолдану алдында

Зорайтқыштың дыбыс деңгейі
Зорайтқыш арқылы сөйлесу кезінде Дыбыс деңгейін баптау үшін [▲] немесе [▼] басыңыз.
Телефон тұтқасы/Телефон тұтқасының дыбыс деңгейі*1
Телефон тұтқасын немесе құлаққаптарды пайдалану кезінде Дыбыс деңгейін баптау үшін [▲] немесе [▼] басыңыз.
Қоңырау шалушы құралының дыбыс деңгейі
Тұтқа қойылған немесе қоңырау қабылдаған кезде Дыбыс деңгейін баптау үшін [▲] немесе [▼] басыңыз.
СКД кереғарлығы (Негізгі СКД үшін)*2
Тұтқа қойылған кезде 1. ПРОГР виртуалды түймешігін басыңыз (S1).*3 2. ⓪ ① енгізіңіз. 3. [ENTER] түймешігін басыңыз.*4 4. СКД кереғарлығын баптау үшін [▲] немесе [▼] түймешігін басыңыз. 5. [ENTER] түймешігін басыңыз.*4 6. [CANCEL] түймешігін басыңыз.*5

*1 Егер телефон тұтқасынан немесе құлаққаптан өзіңіздің дауысыңызды естісеңіз, дыбыс деңгейін азайтыңыз.

*2 KX-NT553/KX-NT556 қосымша СКД кереғарлығын өзгерту үшін **⓪** **⑤** санын 2 енгізу қажет.

*3 KX-NT511 үшін икемді ОТС түймешіктерін 2 секундтан артық басып, ұстап тұрыңыз.

KX-NT551 үшін [PAUSE/PROGRAM] басыңыз.

*4 KX-NT511 үшін [CONF/STORE] басыңыз.

KX-NT551 үшін [AUTO DIAL/STORE] басыңыз.

*5 KX-NT511 үшін тұтқаны алыңыз да, кейін тұтқаны қойыңыз.

KX-NT551 үшін [PAUSE/PROGRAM] басыңыз.

Телефонды қолдану алдында

Қоңырау дауысы

1. **ПРОГР** виртуалды түймешігін басыңыз (S1).^{*1}
2. Икемді ОТС түймешігін немесе [INTERCOM] 2 рет басыңыз.
3. Теру пернелерін (0-9) пайдаланып 2 санды (01-30) енгізіңіз немесе қоңырау дауысын таңдау үшін [**▲**] немесе [**▼**] түймешігін басыңыз.
4. [ENTER] түймешігін басыңыз.^{*2}
5. [CANCEL] түймешігін басыңыз.^{*3}

СКД ең жарығы ^{*4}

Тұтқа қойылған кезде

1. **ПРОГР** виртуалды түймешігін басыңыз (S1).^{*1}
2. ①④ енгізіңіз.
3. [ENTER] түймешігін басыңыз.^{*2}
4. СКД көмескі жарығы режимін таңдау үшін сандық пернені басыңыз.
①: Автоматты
①: Әрқашан ҚОСУЛЫ
②: Әрқашан ӨШІРУЛІ
5. [ENTER] түймешігін басыңыз.^{*2}
6. [CANCEL] түймешігін басыңыз.^{*3}

^{*1} KX-NT511 үшін икемді ОТС түймешіктерін 2 секундтан артық басып, ұстап тұрыңыз.

KX-NT551 үшін [PAUSE/PROGRAM] басыңыз.

^{*2} KX-NT511 үшін [CONF/STORE] басыңыз.

KX-NT551 үшін [AUTO DIAL/STORE] басыңыз.

^{*3} KX-NT511 үшін тұтқаны алыңыз да, кейін тұтқаны қойыңыз.

KX-NT551 үшін [PAUSE/PROGRAM] басыңыз.

^{*4} KX-NT551/KX-NT553/KX-NT556 ғана

Функция әрекеттері

Қоңырау шалу

Қоңырау шалу

[Кеңейтімге]

1. Тұтқаны алыңыз.
2. Кеңейтім нөмірін теріңіз.

[Сыртқы тарапқа]

1. Тұтқаны алыңыз.
2. Икемді ОТС түймешігін басыңыз.
3. Сыртқы тараптың телефон нөмірін теріңіз.

Нөмірді қайта теру

1. Тұтқаны алыңыз.
2. [REDIAL] түймешігін басыңыз.

Нөмірді жедел теру

1. Тұтқаны алыңыз.
2. Жедел теру нөмірін теріңіз.

Домофонға қоңырау шалу

1. Тұтқаны алыңыз.
2. *31 енгізіңіз.
3. Домофон нөмірін (2 сан) енгізіңіз.
4. Растау дыбысынан кейін, сөйлеңіз.

Жүйелік жылдам теру нөмірі

1. Тұтқаны алыңыз.
2. ** енгізіңіз.*1
3. Жүйелік жылдам теру нөмірін енгізіңіз (3 сан).

*1 KX-NT551/KX-NT553/KX-NT556 үшін, сондай-ақ, [AUTO DIAL/STORE] түймешігін басуға болады.

Функция әрекеттері

Жеке жылдам теру нөмірі

[Сақтау үшін]

1. Тұтқаны алыңыз.
2. *③① енгізіңіз.
3. Жеке жылдам теру нөмірін енгізіңіз (2 сан).
4. Сақталатын телефон нөмірін (ең көбі 32 сан) енгізіңіз.*¹
5. # түймешігін басыңыз.
6. Растау дыбысынан кейін, тұтқаны қойыңыз.

[Теру үшін]

1. Тұтқаны алыңыз.
2. *(*) енгізіңіз.*²
3. * енгізіңіз.
4. Жеке жылдам теру нөмірін енгізіңіз (2 сан).

Бір тию арқылы теру

[Сақтау үшін]

1. **ПРОГР** виртуалды түймешігін басыңыз (S1).^{*3}
2. Икемді ОТС түймешігін басыңыз.
3. ② енгізіңіз.
4. Сақталатын телефон нөмірін (ең көбі 32 сан) енгізіңіз.*⁴
5. [ENTER] түймешігін басыңыз.*⁴
6. Сақталатын мәтінді (ең көбі 12 сан) енгізіңіз.*⁵
7. [ENTER] түймешігін басыңыз.*⁵
8. [CANCEL] түймешігін басыңыз.*⁶

[Теру үшін]

1. Тұтқаны алыңыз.
2. Түймешікті бір рет басу арқылы нөмірді теру түймешігі ретінде тағайындалған икемді ОТС түймешігін басыңыз.

*1 Сыртқы телефон нөмірінің алдында сыртқы желіге кіру нөмірін енгізіңіз.

*2 KX-NT551/KX-NT553/KX-NT556 үшін, сондай-ақ, [AUTO DIAL/STORE] түймешігін басуға болады.

*3 KX-NT511 үшін икемді ОТС түймешіктерін 2 секундтан артық басып, ұстап тұрыңыз.

KX-NT551 үшін [PAUSE/PROGRAM] басыңыз.

*4 KX-NT511 үшін [CONF/STORE] басыңыз.

KX-NT551 үшін [AUTO DIAL/STORE] басыңыз.

*5 KX-NT553/KX-NT556 ғана

- *6 КХ-NT511 үшін тұтқаны алыңыз да, кейін тұтқаны қойыңыз.
КХ-NT551 үшін [PAUSE/PROGRAM] басыңыз.

Сөйлесу барысында

Қоңырауды ұстап тұру

[Ұстап тұру үшін]

1. [HOLD] түймешігін басыңыз.
2. Растау дыбысынан кейін, тұтқаны қойыңыз.

[Ұстап тұрған кеңейтімде нөмірді шығару үшін]

1. Тұтқаны алыңыз.
2. Икемді ОТС түймешігін немесе [INTERCOM] басыңыз.

[Басқа кеңейтімнен сыртқы қоңырауды шығару үшін]

1. Тұтқаны алыңыз.
2. Икемді ОТС түймешігін басыңыз.

Қоңырауды бұру

[Кеңейтімге]

1. [TRANSFER] түймешігін басыңыз.
2. Растау дыбысынан кейін, кеңейтім нөмірін теріңіз.
3. Сөйлеңіз.
4. Тұтқаны қойыңыз.

[Сыртқы тарапқа]

1. [TRANSFER] түймешігін басыңыз.
2. Растау дыбысынан кейін, икемді ОТС түймешігін басыңыз.
3. Сыртқы телефон нөмірін теріңіз.
4. Сөйлеңіз.
5. Тұтқаны қойыңыз.

Телефонды қажеттіліктеріңізге сай орнату

Мазаламау

1. Тұтқаны алыңыз.
2. *7① енгізіңіз.
3. Параметрді таңдау үшін сандық пернені басыңыз.
 ①: Сыртқы мен ішкі қоңыраулардың екеуі де
 ②: Тек сыртқы қоңыраулар
 ③: Тек ішкі қоңыраулар
4. "Мазаламау" режимін қосу үшін ① енгізіңіз.
 "Мазаламау" режимінен шығу үшін ② енгізіңіз.
5. Растау дыбысынан кейін, тұтқаны қойыңыз.

Уақыт бойынша еске салу**[Орнату үшін]**

1. Тұтқаны алыңыз.
2. *7⑥① енгізіңіз.
3. Сағат пен минутты (4 сан) енгізіңіз.
4. Егер 12 сағаттық уақыт көрсету орнатылған болса, ② (AM) немесе ③ (PM) енгізіңіз.
5. ④ (1 рет) немесе ⑤ (күнделікті) енгізіңіз.
6. Растау дыбысынан кейін, тұтқаны қойыңыз.

[Болдырмау үшін]

1. Тұтқаны алыңыз.
2. *7⑥② енгізіңіз.
3. Растау дыбысынан кейін, тұтқаны қойыңыз.

[Қоңырауды тоқтату немесе қайтадан жауап беру үшін]

1. [INTERCOM] басыңыз да, тұтқаны алыңыз.

Пайдалы мүмкіндіктер

Конференциялық сөйлесу

[Сөйлесу барысында басқа тараптарды қосу үшін]

1. [CONF] түймешігін басыңыз.*¹
2. Растау дыбысынан кейін, қосылатын тараптың телефон нөмірін теріңіз.
3. Жаңа тараппен сөйлесіңіз.
4. [CONF] түймешігін басыңыз.*¹
5. Растау дыбысынан кейін, бірнеше тараппен сөйлесіңіз.

[Конференциядан шығу үшін]

1. [CONF] түймешігін басыңыз.*¹
2. Растау дыбысынан кейін, тұтқаны қойыңыз.

*¹ KX-NT511 үшін [CONF/STORE] басыңыз.

Жұмыс орнынан кетпес бұрын


Қоңырауды бұру

1. Тұтқаны алыңыз.
2. *⑦① енгізіңіз.
3. Осы мүмкіндікті қолданатын қоңыраулардың түрлерін таңдау үшін сандық пернені басыңыз.
①: Сыртқы мен ішкі қоңыраулардың екеуі де
②: Тек сыртқы қоңыраулар
③: Тек ішкі қоңыраулар
4. Күйді таңдау үшін сандық пернені басыңыз.
②: Барлық қоңыраулар
③: Бос емес кезінде
④: Жауап жоқ кезінде
⑤: Бос емес/жауап жоқ кезінде
①: Болдырмау*¹
5. Кеңейтім нөмірін енгізіңіз де, содан кейін # енгізіңіз немесе ОТС желісіне кіру нөмірін, сыртқы телефон нөмірін және # енгізіңіз.
6. Растау дыбысынан кейін, тұтқаны қойыңыз.

*1 Егер 4-қадамда ② енгізілсе, 5-қадамын өткізіп жіберуге болады.

Жеке белгілеу (KX-NT553/KX-NT556 ғана)

KX-NT553/KX-NT556 үлгісінің 12 икемді түймешіктері мен түймешіктердің жанында орналасқан СҚД экраны бар. Әр элементке өзінің тиісті икемді түймешігінің функциясына сай болу үшін жеке немесе жүйелік бағдарламалау арқылы СҚД экранында ат қойылуы мүмкін. Сонымен қатар, KX-NT553 (KX-NT556) икемді түймешіктері 2 (3) "бетке" топтастырылып, жалпы 24 (36) элементті 12 икемді түймешікке тағайындауға мүмкіндік береді. [NEXT PAGE] пернесін басу арқылы беттер арасында келесідей ауысуға болады:



Түймешікті бір рет басу арқылы нөмірді теру түймешігін сақтау және Өздігінен белгіленетін СҚД экраны үшін көрсетілген мәтінді орнату

1. **ПРОГР** виртуалды түймешігін басыңыз (S1).
2. Икемді ОТС түймешігін басыңыз немесе [NEXT PAGE] пернесін басып, икемді ОТС түймешігін басыңыз.
3. ② енгізіңіз.
4. Сақталатын телефон нөмірін (ең көбі 32 сан) енгізіңіз.*1
5. [ENTER] түймешігін басыңыз.
6. Сақталатын мәтінді (ең көбі 12 сан) енгізіңіз.
7. [ENTER] түймешігін басыңыз.
8. [CANCEL] түймешігін басыңыз.

*1 Сыртқы телефон нөмірінің алдында сыртқы желіге кіру нөмірін енгізіңіз.

Орнату және баптау

Ескерту:


- Panasonic компаниясы қате орнату немесе осы құжаттамаға сәйкес емес жұмыстан пайда болатын ақаулықтардан болатын жарақаттар не мүліктің зақымдалуына жауапкершілігін көтермейді.

КХ-NT505 құрылғысын КХ-NT553/КХ-NT556 құрылғысына бекіту


КХ-NT505 құрылғысы 48 қосымша икемді ОТС түймешіктерін бұл құрылғыға қосуға мүмкіндік береді. Бұл түймешіктер сыртқы желіні ұстап қалу, бір тию арқылы қоңырау шалу немесе пернеге тағайындалған мүмкіндікті орындау үшін пайдаланылады.




1. Құрылғыңыздағы тегіс кабельдің қақпағын ашыңыз.




2. Құрылғыңызға КХ-NT505 үлгісін 2 бұrandаның көмегімен бекітіңіз*1.



3. Тегіс кабельді қосқышқа (1) жалғап, кейін кабельді көрсетілгендей аздап бүгіңіз (2).



4. Қақпақты жабыңыз.



*1 КХ-NT505Х жинағында қамтылған.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:

- 48 түймелі қондырма модулін орнату немесе жоюдың алдында айнымалы ток адаптері (жалғанған болса) мен айырып-қосқыш хабқа қосылған Ethernet кабелін ажырату арқылы құрылғыны өшіріңіз.

Ескерту:


- 48 түймелі қондырма модулінің 4 данасына дейін жалғана алады. Егер 2 не одан көп түймелі модульдері жалғанса, айнымалы ток адаптері екінші түймелік модульге қосылуы тиіс. Егер тек 1 түймелі модуль жалғанса, айнымалы ток адаптері қажет емес.
- Тек Panasonic айнымалы ток адаптерін пайдаланыңыз. “Қосымша керек-жарақтар”, бет 8 қараңыз.

Тіректі орнату

KX-NT511/KX-NT551

- 1 Тіректің ұстағыштарын құрылғыда орналасқан ілгектерге салыңыз.
- 2 Тіректі көрсетілген бағытпен орнында құлыптанғанша мұқият итеріңіз. Тірек орнатылады.


Мысал: KX-NT551



KX-NT553/KX-NT556/KX-NT505

- 1 Тіректің ұстағыштарын (A) құрылғыда орналасқан ілгектерге салыңыз.
- 2 Тіректі көрсетілген бағытпен орнында құлыптанғанша мұқият итеріңіз. Тірек жоғары күйде орнатылады.

Мысал: KX-NT556




Тіректі алып тастау

KX-NT511/KX-NT551

- 1 Тіректің ілмектерін көрсетілгендей тартып, оны көрсетілген бағытта алыңыз.


Мысал: KX-NT551



KX-NT553/KX-NT556/KX-NT505


- 1 Тіректі екі қолмен ұстаңыз.
- 2 Тіректі көрсетілген бағытпен босатылғанша мұқият айналдырыңыз.

Мысал: KX-NT556




Қосылымдар

KX-NT511




KX-NT551



Орнату және баптау

KX-NT553/KX-NT556



Ескерту:

- Құлаққаптарды жалғау кезінде келесі құлаққаптарды осы құрылғымен пайдалануға болады. (Құлаққаптармен барлық әрекеттерге кепіл берілмейді.)
 - Сымды құлаққаптар (KX-NT551/KX-NT553/KX-NT556 ғана)
Panasonic RP-TCA400 немесе RP-TCA430
 - EHS құлаққаптары (KX-NT553/KX-NT556 ғана)
Таңдалған Plantronics® құлаққаптары
- Осы құрылғыда сынаудан өткізілген құлаққаптар туралы жаңа ақпаратты келесі веб-тораптардан қараңыз:
<http://panasonic.net/pcc/support/pbx/>


Ethernet кабельдерін таңдау кезінде (жинаққа қосылмаған)

- Тесік қақпақтары жоқ икемді кабельдерді пайдаланыңыз. Қаптамасы қатты кабельдерді пайдаланбаңыз, олар бүгілген кезде тозуы не бұзылуы мүмкін. Кабельдердің зақымдалуына жол бермеу үшін негіздің төменгі жағынан шығып кетпейтін кабельдерді пайдаланыңыз.

Кабельдерді келесі суретте көрсетілгендей жалғаңыз.


Дұрыс емес

Ethernet
кабелі



Дұрыс

Ethernet кабелі



- Диаметрі 6,5 мм (mm) немесе одан аз тікелей CAT 5e (немесе одан жоғары) Ethernet кабелін (бірге берілмейді) қолданыңыз.

Байланыстырғыш концентраторға жалғау кезінде

- Егер PoE қол жетімді болса, айнымалы ток адаптері қажет емес.*1
- KX-NT511PRU 2-класс PoE стандартына сай келеді.
- KX-NT551/KX-NT553/KX-NT556 3-класс PoE стандартына сай келеді.

*1 KX-NT511PRU/KX-NT551/KX-NT553/KX-NT556 ғана

Компьютерді жалғау кезінде

- ДК порты жалғанған құрылғылар үшін PoE қолдау көрсетпейді.

Кабельдер мен айнымалы ток адаптерін жалғау кезінде


- Қосқыштардың зақымдалуына жол бермеу үшін Ethernet кабельдері мен айнымалы ток адаптерінің сымы қысылып тұрғанына көз жеткізіңіз.

Қабырғаға орнату


Ескерту:

- KX-NT553/KX-NT556 үлгісін KX-NT505 құрылғысымен қабырғаға орнату кезінде, KX-NT505 құрылғысын KX-NT553/KX-NT556 үлгісіне алдымен бекітіп, кейін оларды қабырғаға орнатыңыз. Бекіту туралы ақпарат алу үшін “KX-NT505 құрылғысын KX-NT553/KX-NT556 құрылғысына бекіту”, бет 22 қараңыз.
 - KX-NT553/KX-NT556 үлгісін KX-NT505 құрылғысымен қабырғаға орнату кезінде тек БІР KX-NT505 бекітіле алады.
 - KX-NT511 үшін қабырғаға орнату адаптері қажет емес. Қабырғаға орнату кезінде 3-қадамға өтіңіз.
- 1** Қабырғаға орнату адаптерінің ілмегін негіздегі арнайы саңылауларға салыңыз да, содан кейін қабырғаға орнату адаптерін тіл бағытымен бекітілгенше жылжытыңыз.

KX-NT551




KX-NT505 бар KX-NT553/KX-NT556




- 2 Қабырғаға орнату адаптерін негізге бұранда(лар)мен бекітіңіз.
(Ұсынылған айналдыру моменті: 0,4 Н·м (m) [4,08 кг·күш·см (cm)] -
0,6 Н·м (m)
[6,12 кг·күш·см (cm)])
- 3 Кабельдерді құрылғыға төмендегі суретте көрсетілгендей жалғаңыз.
- 4 Бұрандаларды қабырғаға бір-бірінен 83 мм (mm) немесе 100 мм (mm)
аралықта енгізіп, құрылғыны қабырғаға орнатыңыз.

КХ-NT511



Қабырғаға орнату


Мысал: KX-NT505 бар KX-NT553/KX-NT556



Бір бұранда осы жерде

222 мм (mm)

Бір бұранда осы жерде



ҚАБЫРҒАҒА ОРНАТУ ҮЛГІСІ

1. Бұрандаларды көрсетілгендей қабырғаға бекітіңіз.
2. Құралды бұранда бүркеншіктеріне іліңіз.


Жазба:

- Егер KX-NT505 құрылғысы KX-NT553/KX-NT556 қасында орнатылса, IP-РТ үшін 2 бұранданың арасында 222 мм (mm) тең аралықты қалдырыңыз және KX-NT505 үшін 2 бұранданы жоғарыдай көрсетілгендей қалдырыңыз. Бұл аралық үлгіде кішірейтіліп көрсетілген, оны өлшеу керек.

KX-NT511/KX-NT551/KX-NT553/KX-NT556 үшін

83 мм (mm)

100 мм (mm)




Нүктелерге бір-бір бұрандадан

KX-NT505 үшін

83 мм (mm)

100 мм (mm)



Нүктелерге бір-бір бұрандадан

McGrp.Ru



Сайт техники и электроники

Наш сайт McGrp.Ru при этом не является просто хранилищем [инструкций по эксплуатации](#), это живое сообщество людей. Они общаются на форуме, задают вопросы о способах и особенностях использования техники. На все вопросы очень быстро находят ответы от таких же посетителей сайта, экспертов или администраторов. Вопрос можно задать как на форуме, так и в специальной форме на странице, где описывается интересующая вас техника.